

Тәжірибелік сабақ №10.

Тақырыбы: Тәтіқара ақын мұралары.

Мақсаты: Тәтіқараның XVIII ғасырдағы ақындық дәстүрді дамытушы екендігін ағнғарту; ақын шығармаларын ғылыми жүйеде талдау, баға беру.

Тапсырма: Жырау шығармаларында өз өмірінің белестерінің көрініс табуы. Тәтіқара ақын – қалмақтарға қарсы жорықтарды ұйымдастырушы, әрі жырау, әрі батыр, әрі жыршы, әрі ұраншы ақын, импривизатор; «Ер Тарғын», «Қобыланды» сияқты жырларды халыққа таратушылардың бірі. Бөгенбай, Олжабай, Жәнібек батырлармен бірге жауға аттанып, әскерінің көңіл күйін көтерген. Батырлардың ерлігін дәріптеген, тіпті керек жерінде ханның қателігін бетіне айта білген. Өмірінің соңғы жылдары хан сарайынан қудаланған. Ел қорғаған батырларды жырлаған «Қамыстың басы майда, түбі сайда», «Ассалаумағалейкүм, жайсаңдар мен қасқалар» т.б. толғаулардың авторы.

Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау: Тәтіқара ақынның өлеңдерінде юморлық, сатиралық, қаһармандық, романтикалық образдарға тән нышандар байқалады. Жау жағадан алғанда, Ит етекпен алғанда. Ер Абылай қорыққан жоқ, Әншейін еңкейе беріп жылысты. Қалмақпен шайқас кезінде аблай әрекетін жеңіл әзіл сынап өтеді.

Зерттеушілер пікірі:

М. Мағауин: «Жұртшылық санасындағы Тәтіқара- қазақ халқының тарихындағы қиын кезеңнің біріндегі сырт жауларға қарсы күрестің ұраншысы, өз отандастарын басқыншалармен қайтпай ұрысуға шақырушы жауынгер ақын, жортуыл кернейшісі», - дейді (М. Мағауин Қобыз сарыны. А., 1968 ж.)

Ш. Уәлиханов: «Тәтіқараның негізінде ірі ақын болғандығын айта келіп, оны Абылай қолының жыршысы», - дейді.

Ә. Марғұлан: Тәтіқараны ХVIII ғасырда жасаған қазақтың ірі ақыны, жыршы импривизатор деп көрсеткен.

Е. Ысмаилов: «Тәтіқараны Абылайдың қалмаққа қарсы күресін шындық түрінде жырлаған ақын және өзі көрген жортуыл туралы жырлар шығарған эпик ақын» деп санайды.

С. Қазыбайұлы: «Тәтіқара Абылай хан ордасында әрі ұраншы ақын, әрі шашақты найза ұстаған жорықшы ерлер санатында халқына еңбек етеді», деді (С. Қазыбайұлы. ХУ-ХІХ ғ.ғ. қазақ әжебиеті. Ақтөбе, 2004.)

Пысықтау сұрақтары:

1. XVIII ғасырдағы ақындық дәстүрді дамытушылардың бірі – Тәтіқара ақын, шығармаларының зерттелуі.
2. Шығармаларының тақырыптық, көркемдік ерекшелігі.
3. Тәтіқара толғауларындағы тарихи шындық және батырлар бейнесі.
4. XVIII ғасыр әдебиетіндегі Тәтіқара ақынның алатын орны.
5. «Қамыстың басы майда, түбі сайда» шығармасын жаттау, әдеби-теориялық талдау жасау

Есеп беру түрі: ауызша, толғауларын талдау, жатқа айту